



Ә.Қастеев — қазақ мәдениетінің таным тарихы. Ол — рухани тарихтың құрамындағы өзінше жеке өзек секілді. Ол — өз дәуіріндегі өзіне ғана тән жолмен, өзіне ғана тән дара өнермен қазақ мәдениетін жаңа кезеңге көтерген хас шебер. Шебердің өнері ортақ болғанымен, сыры құпия. Қазақстан халық суретшісі Ә.Қастеев есімі — республика жұртшылығына кеңінен танымал және аса құрметті. Бейнелеу өнеріне ең алғаш назар аударған ұлттық өнер суретшісі.



Мекен-жайымыз
Ұлытау облысы,
жаңаарқа ауданы,
М.Жұмажанов ауылдық
кітапханасы

 zhumahanov_bibl
 kitapkhana@list.ru
тел:8710 30 5 00 93

“Сәкен Сейфуллин атындағы
орталықтандырылған кітапханалар
жүйесі” КММ



Қазақтың әйгілі
суретшісі
Әбілхан Қастеев
120ЖЫЛ

М.Жұмажанов, 2024

Өмір дерек

120 жыл бұрын қазақтың әйгілі суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі, Қазақ КСР халық суретшісі, Қазақ КСР-ің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ш.Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбілхан Қастеев дүниеге келді. Туып-өскен жері – Алматы облысына қарасты Жаркент төңірегі. Қазақстанның халық суретшісі (1944). Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы (1945-1956). Әбілхан Қастеев (1904 - 1973 жж.) халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген мыңнан астам көркем туындыларды дүниеге келтірген, деп хабарлайды

Суретшінің «Ф.Мұратбаев», «Абай», «Ж.Жабаев», «А.Иманов», «К.Әзірбаев» сияқты портреттік туындылары жоғары таным-талғамның үлгісі. Тарихи тақырыптағы «Түрксіб», «Амангелді сарбаздары», «Қалыңдық», тағы басқа көркем туындыларынан - эпикалық ауқымдылық, ұлттық бояудың айқындығы көрінеді. Суретші ұлттық дүниетаным шеңберінде халқымыздың тұрмыс-тіршілігін дәл бейнелей білді. Оның «Киіз үйдің ішкі көрінісі», «Қыз Жібек», «Қыз ұзату», «Қос құрбы», «Келін түсіру» тағы басқа шығармалары ұлттық қазынамызға айналды.

Қылқалам шебері мәдениет тарихының, республикалық қоғамдық өмірдің жылнамасын жасады. Абай мен Қастеев арасындағы сырлы байланыс дүниені эстетикалық-көркемдік тұрғыдан танудың, өнер өзектестігінің, рухани сабақтастықтың көрінісі. Суретшінің сүйікті кейіпкері Абай тұлғасы болды. «Абай киіз үй алдында», «Жас Абай», «Абай жаз жайлауда», «Бүркітші», «Қыс», «Жаз», «Көктем» атты шығармалары арқылы суретші Абай келбетін әр қырынан сомдады.

«Қазан төңкерісі», 2 мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Шымкент қаласындағы өнер училищесі, ҚР Мемлекеттік өнер музейі әйгілі суретшінің есімімен аталады. Әбілхан Қастеевтің жүз жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде атап өтілді.

Фото галерея



Ә.ҚАСТЕЕВТІҢ КӨПШІЛІККЕ ТАНЫМАЛ 10 ТУЫНДЫСЫ

1. «Амангелді сарбаздары», 1970 жыл.
2. «Талас өлкесі», 1970 жыл.
3. «Қапшағай СЭС-і», 1972 жыл.
4. «ТүркСіб», 1969 жыл.
5. «Ақсай карьері», 1967 жыл.
6. «Шоқан Уәлихановтың портреті», 1951 жыл.
7. «Абайдың портреті», 1945 жыл.
8. «Мақта жинау», 1936 жыл.
9. «Қызды еріксіз әкету», 1937 жыл.
10. «Сатып алынған қалыңдық», 1938 жыл.